«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
КОМИТЕТІНІҢ ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

080012, Тараз қаласы, Ленин көшесі, 25
тел.: 43-18-84, факс: 45-83-84
e-mail: fink_taraz@at.minfin.kz

29.03.2018г. № ІШМ-6-14/906

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО
ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

080012, г. Тараз, ул. Ленина, 25
тел.: 43-18-84, факс: 45-83-84
e-mail: fink_taraz@at.minfin.kz

«Гео Нұр Құрылыс»
ЖШС-нің директоры
И.С.Тургинбаевқа
Шымкент қ., Әл-Фараби алаңы, 3

Жамбыл облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит Департаментімен *(ары қарай – Департамент)* Сіздің 2018 жылғы 7 наурыздағы арызыңыздың негізінде ашық конкурс тәсілімен өткізілген № 2280258-1 жобалық - сметалық құжаттамаға сараптама өткізу бойынша мемлекеттік сатып алуларының камералдық бақылау жүргізіліп, келесідегі анықталды.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру Қағидаларының *(ары қарай – Қағидалар)* 155 тармағына сәйкес, егер әлеуетті өнім берушінің бас мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша бір пайыз **(1 %)** мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер конкурстың нысанасы құрылыспен байланысты емес жұмыстар болып табылған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстардың түрлеріне ұқсас (сондай) келесі орындалған әрбір жұмыс үшін нөл бүтін оннан екі **(0,2 %)** пайыз мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Сонымен қатар, Қағидалардың 157 тармағына сәйкес, егер әлеуетті өнім берушіде сапа менеджменті жүйесінің ұлттық стандартқа сәйкестігін растайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұсынылған тауарларды өндірушіге, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді орындаушыға берілген құжат болған кезде, конкурстық комиссия екі пайыз **(2 %)** мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Қағидалардың 158 тармағына сәйкес, егер әлеуетті өнім берушіде қоршаған ортаны басқару менеджменті жүйесінің ұлттық стандартқа сәйкестігін растайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұсынылған тауарларды өндірушіге, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді орындаушыға берілген құжат болған кезде, конкурстық комиссия бір пайыз **(1 %)** мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Осылайша, әлеуетті өнім берушілер «Норматив плюс» ЖШС-нің, «Гео Нұр Құрылыс» ЖШС-нің, «Экспертиза PRO» ЖШС-і және «Қазақстан сараптау қауымдастығы «KAZEXPERTIZA» (ҚАЗСАРАПТАМА / КАЗЭКСПЕРТИЗА)» ЖШС-нің конкурстық өтінімдеріне берілетін шартты жеңілдік - **13 %** құрайды *(соның ішінде: ұлттық стандартқа сапа менеджменті жүйесінің сәйкестігін растайтын құжаттың болуы – 2 %; ұлттық стандартқа экологиялық менеджмент жүйесінің сәйкестігін растайтын құжаттың болуы – 1 %; жұмыс тәжірибесі – 10 %)* және «ARCHITECTSЭКСПЕРТИЗА.KZ» ЖШС-і мен «ҚҰТ-САРАПТАМА» ЖШС-нің конкурстық өтінімдеріне берілетін шартты жеңілдік - 10 % құрайды *(соның ішінде: жұмыс тәжірибесі – 10 %)*.

Қағидалардың 172 тармағына сәйкес, конкурстық баға ұсыныстарының шартты бағалары тең болған кезде конкурс нысанасы болып табылатын, сатып алынатын тауарлар, жұмыстар,

көрсетілетін қызметтер нарығында, оның ішінде тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің ұқсас түрлері бойынша **мол жұмыс тәжірибесі бар** конкурсқа қатысушы жеңімпаз (конкурстық баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру қорытындысы бойынша екінші орын алған конкурсқа қатысушы) деп танылады. Шартты бағалары тең бірнеше әлеуетті өнім берушінің **жұмыс тәжірибесі тең болған кезде конкурсқа қатысуға өтінімі басқа әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерінен бұрынырақ келіп түскен конкурсқа қатысушы жеңімпаз** (конкурстық баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру қорытындысы бойынша екінші орын алған конкурсқа қатысушы) деп танылады.

№ 2280258-1 конкурсқа қатысуға ұсынылған конкурстық өтінімдерді зерделеу барысында әлеуетті өнім берушілердің жұмыс тәжірибесі келесідегідей анықталды:

- «Норматив плюс» ЖШС-і - 1 жыл 11 ай, өтінім беру уақыты - 16.02.2018 жыл сағ. 10:25:20;
- «ARCHITECTSЭКСПЕРТИЗА.KZ» ЖШС-і - 1 жыл 11 ай, өтінім беру уақыты - 20.02.2018 жыл сағ. 14:42:34;
- «Гео Нұр Құрылыс» ЖШС-і - 1 жыл 9 ай, өтінім беру уақыты - 16.02.2018 жыл сағ. 10:16:51;
- «Экспертиза PRO» ЖШС-і - 1 жыл 8 ай, өтінім беру уақыты - 16.02.2018 жыл сағ. 10:17:43;
- «ҚҰТ-САРАПТАМА» ЖШС-і - 1 жыл 5 ай, өтінім беру уақыты - 20.02.2018 жыл сағ. 10:51:14;
- «Қазақстан сараптау қауымдастығы «KAZEXPERTIZA» (ҚАЗСАРАПТАМА/КАЗЭКСПЕРТИЗА)» ЖШС-і - 11 ай, өтінім беру уақыты – 16.02.2018 жыл сағ. 10:25:35.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде және Қағидалардың 172 тармағына сәйкес № 16919399-ОК1 лоты бойынша «Норматив плюс» ЖШС-і жұмыс тәжірибесі «ARCHITECTSЭКСПЕРТИЗА.KZ» ЖШС-мен тең болған кезде конкурсқа қатысуға өтінімі бұрынырақ келіп түсуіне байланысты жеңімпаз болып танылуы тиіс.

Алайда, Қағидалардың 172 тармағына қайшы, 2018 жылғы 6 наурыздағы қорытындылар туралы хаттамаға сәйкес № 16919399-ОК1 лоты бойынша Сіздің өтініміңіз **жұмыс тәжірибесінің аз болуына** қарамастан жеңімпаз болып табылған.

Департаментпен «Сарысу ауданы әкімдігінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» КММ-не камералдық бақылаудың қорытындысы бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама жолданды.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы № 221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12 бабы және 14 бабының 6 бөлімдеріне сәйкес өтініш бойынша қабылданған шешімге шағым беруіңізге болады.

Басшының м.а. **М.Мұхаметрахымов**

Орынд. Кунедилов Ж.
Тел. 8 (7262) 43-54-60